

"Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 16 қыркүйектегі № 874 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 19 қыркүйекте № 21227 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 17 қазанда жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" функционалдық тобында:

1 "Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 011, 015 және 042 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 075 бюджеттік бағдарламасымен 263 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"263 Облыстың ішкі саясат басқармасы

075 Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

042 Республикалық бюджеттен жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтеріне берілетін субвенциялар есебінен";

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 013 бюджеттік бағдарламасымен 362 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"362 Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы

013 Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

мынадай мазмұндағы 011, 015 және 042 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 075 бюджеттік бағдарламасымен 747 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"747 Облыстың ақпарат және қоғамдық даму басқармасы

075 Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

042 Республикалық бюджеттен жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтеріне берілетін субвенциялар есебінен";

03 "Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі" функционалдық тобында:

1 "Құқық қорғау қызметі" функционалдық кіші тобында:

624 "Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

001 "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 106 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"106 Азаматтарды қабылдау пункті болатын бақылау-өткізу пунктінің құрылысы";

06 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру" функционалдық тобында:

9 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер" функционалдық кіші тобында:

213 "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

110 "Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін, инженерлік-көлік инфрақұрылымын, әлеуметтік-мәдени объектілерді және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"110 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін, инженерлік-көлік инфрақұрылымын, әлеуметтік-мәдени объектілерді және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салуға және (немесе) реконструкциялауға, сондай-ақ инфекциялық ауруханаларды орналастыру үшін тез салынатын кешендер құруға берілетін нысаналы даму трансферттері";

мынадай мазмұндағы 123 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"123 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы шеңберінде жұмыс істеп тұрған, сондай-ақ ашылуы жоспарланып отырған провизорлық және инфекциялық стационарларда медициналық жабдықтарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

11 "Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі" функционалдық тобында:

2 "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі" функционалдық кіші тобында:

288 "Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

113 "Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 052 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"052 Республикалық бюджеттен өнеркәсіпке, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіне берілетін субвенциялар";

12 "Көлік және коммуникация" функционалдық тобында:

1 "Автомобиль көлігі" функционалдық кіші тобында:

485 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

025 "Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 034 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"034 Облыстық бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен";

13 "Басқалар" функционалдық тобында:

9 "Басқалар" функционалдық кіші тобында:

809 "Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй–коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011, 015 және 028 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 038 және 039 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"038 "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

028 Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

039 "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

028 Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен ";

810 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономиканың нақты секторы бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011, 015 және 028 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 024 және 025 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"024 "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

028 Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

025 "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

028 Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен ".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Е. Жамаубаев